

Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 56 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 наурызда № 9-15-146 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 01.04.2011 № 91 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Меңдіқара ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 389 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 9-15-140 болып тіркелген) сәйкес, "Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аудандық бюджеттен әлеуметтік төлемнің мынадай түрін көрсетілу қ а м т а м а с ы з е т і л с і н :

үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балалары бар ата-аналарға (занды өкілдерге) 2011 жылға арналған Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген сегіз есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде ай сайынғы ә л е у м е т т і к к ө м е к .

2. Әлеуметтік көмекті төлеу банктік операциялардың тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының банктік шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен, уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті органы болып белгіленсін.

4 . Б е л г і л е н с і н :

1) әлеуметтік көмек үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балалары бар ата-аналарға (заңды өкілдерге) көрсетіледі;

2) үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балалары бар ата-аналарға (заңды өкілдерге) әлеуметтік көмек өтініш жасаған айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және тиісті оқу жылы бойы төленеді;

3) мүгедек балалар үй-интернаттарда немесе санаторлық мектептерде тұрған кезінде әлеуметтік көмекті төлеу жүргізілмейді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Меңдіқара ауданының әкімі

Б. Жақыпов

КЕЛІСІЛДІ

"Меңдіқара ауданының экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Г. Айсенова

"Меңдіқара ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ С. Плотникова